

тұрағындағы археологиялық қазба кезінде табылған металлургиялық пешті Орталық Азиядағы темір өндірісі технологиясының тарихын түсіну үшін өте маңызды деп айтуға болады.

Сонымен қатар Алат қонысындағы пештің маңынан табылған жануарлар сүйектеріне Жапониядағы Эхеме университетінің зертханасында радиоуглеродтық анализ жасалған. Талдаудың нәтижесінде Алат қонысының жасы б.з.д. XIII ғ. жатады деген қортындыға келдік.

### **Қорытынды**

Қорыта келгенде, Қарағанды облысының Қарқаралы ауданының археологиялық ескерткіштерін зерттеу барысында аймақта жүзден аса ескерткіш бар екені анықталды. Бұл өлкеде адам баласы ежелгі заманнан – палеолит, мезолит, неолит дәуірінде мекендеген. Ежелгі тұрғындар қола дәуірінде осы аймақтың жер бетінде мольнан кездесетін мыс кенінің тотыққан түрін және қалайы т.б. металлдарды балқытқан арнайы қоныстары анықталды. Оның себебі, Кентөбе, Ойлысай сияқты тотыққан темір кендерінің жақын болуы б.ғ.д. XIII-IX ғасырлардың өзінде ежелгі адамдар темірді балқытуды білген, оның дәлелі Алат, Сарыбұлақ, Қарқаралы т.б. қоныстардағы пештердің орындары.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Шотбакова Л.К., Смагулова Г.М. Творцы и свидетели истории Каркаралинска: Монография. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2014. – 354 б.
2. Маргулан А.Х. Бегазы – Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1979 г.
3. Маргулан А.К., Акишев К., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алматы «Издательство Наука», 1966 г. – 434 б.
4. Евдокимов В.В. Историческая среда эпохи бронзы степей Центрального и Северного Казахстана. – Алматы, 2000 г.
5. Варфоломеев В.В. Кент и его округа. // Степная цивилизация Восточной Евразии. Т. 1. Астана, 2003 г.
6. Жауымбаев С.У., Евдокимов В.В., Бейсенов А.З. Работа на могильнике Нуркен-2. // В сборнике: Историко-культурное наследие Сары-арки. Караганда, 2007 г. с.173-199.
7. Бейсенов А.З. Сарыарқа – далалық өркениеттің алтын бесігі. – Алматы, «Technology of Imaging», 2011. – 32 б.
8. Орталық Қазақстанның үлкен металдың қайнар көзі /Истоки большого металла Центрального Казахстана. – Қарағанды: «Tengri Ltd» ЖШС. – 2019. – 128 б.

## **ТҮРКІ МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ САҚА-ҒҰН ҚАУЫМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫСЫ**

**Алпысбес М.**, т.ғ.д., профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Зейнуллахабдин Н.**, гуманитарлық ғылымдар магистрі

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Қазақ елінің тарихы жат жұрттықтар тарапынан жазылуына орай, тарихымыздағы жазылуға тиіс кезең-кезеңімен үндесіп жатқан көркем тарихымыз шұбарланып бұлыңғыр, өткен тарихтағы ұлылықты кей тұста шарасыз мойындап жазылған тарихымыз ұсынылды. Осының арқасында тас дәуірінде қазақ даласында алғашқы адамның іздері пайда болған, тағы ғұндар ұлан ғайыр аймақты иемденген екен деген сарында «бір шындықты түйе отырып кемсіте көрсетіліп жазылған» тарихымыз күні бүгінге шейін өміршен болып отыр. «Қазақтың түпкі» тарихын қайта қарау – тарих алдындағы міндетіміз деп білеміз.

Еуразия кеңістігінің ұлан ғайыр аймағын иемденген, тарих беттерінде арий-тур, кейінен сақ(сақа)-хун атауымен әйгілі болған юэчжий одағы болып танылған екі этникалық топтың бірігуі негізінде билеуші топ ашина-үйсін әулеті мен сюнну атауымен әуелде әйгілі болған түркі жұрты – мұғол-татарлар туралы баян етуді мақсат еттік. Ел тарихының түптікія кезеңі фольклор мәліметтерінде де және жазба деректерде де айқын сипат тапқан деп білеміз.

Ғұн, сақ (үйсін, қаңлы) кезеңдерін қытай деректері негізінде зерттеу жүргізген шығыстанушы Ю.А. Зуевтың еңбегінің төңірегінде шежіре деректермен талдауды мақсат еттік. Осылайша өткен тарихымыз жүйелі тұрғыда шежіре желісімен үндес болып, әрі көңелігін нұсқап жарқырай түседі.

Шежіре деректерде архаикалық кезеңдерге үңілер болсақ мифологифлық сюжеттер көрініс беріп, бүгінде адамды маймылдан пайда болды деген материалистік сипатта жазылған ғылыми тұжырым қайшылыққа тап болады. Діни тұжырымда адамнан маймыл пайда болды деген, керісінше әуелде идеялық тұрғыда жаратылған, құдайлық сипаты бар адам – ендігіде рухани азғындаудың салдарынан деградацияға ұшырады деген нақты теологиялық ұстанымдар бар [1]. Ғылыми тәжірбиеде маймылды қаншалықты тәрбиелесе де саналы тұрғыда әрекет етуге мәжбүрлей алмады, ал маугли адамның адам қатарына өтуі де мүмкін болмады. Сонда маймылдан адам пайда болды деген тұжырым жаңсақ болады. Бұл турасында қазақта «тектіден текті туады», «тексізден би қойса – халық мұратқа жетпес, басынан қиқу кетпес» деп екі аяқты адамның өзі әр кез шыққан генінен асып атай алмайтындығын көрсетеді.

Шежіре деректерді арқау етсек, қазақ өзінің шыққан тегін Нұх пайғамбардан таратады [2-4]. Тегіміз Нұх нәбидің Сам мен Япас ұрпақтарынан бастау алады [5, 70]. Діни тұжырымда Нұхпен бірге 18 адам кемеге көтерілгені айтылады. Сонда, бүгіндегі жер бетінде тараған адамзаттың бір шама бөлігі Адам атаның Әбілден өзге де балаларының нәсілінен болады. Индуизм дінінде Брахман (Брам) құдай (құдайдың 1000 (мың) сипатының бірі) өзін құрбан етіп жер бетіне түсіп адамға айналып кетеді, оның бас бөлігінен – билеуші, әулиелер, кеуде тұсы мен қолынан – қолбасшы (брахман мен кшатриі бір-бірін толықтаушы), жауынгерлер (жасақ) пайда болды, кіндіктен төмен тобыққа дейін шаруалар, ал тобықтан өкшесінен дейін қайыршылар пайда болады-мыс. Брахманнан жаратылғандар ғана арий (болмаса аталмыш жоғарғы екі каста ғана арийге жатады деген тұжырым да бар) деген атауға ие болды.

Махмұд Қашқари Шайх Әбубәкірдің ақыр заман турасында жазған бір кітабында ұлы пайғамбарымыздан нақыл келтіріп, мынадай хадисті баян етеді: *«Ұлы Тәңірі: Менің бір тайпа қосыным бар, оларды «түрік» деп атадым, оларды күншығысқа орналастырдым. Бір ұлысқа ашуланып, назалансам түріктерді соларға қарсы саламын»* депті [6, 3-4]. Түркілердің жауынгер жасақтан болғанын көреміз.

Аңыз бойынша Аттила: – «Мен және халқым құдайдың қамшысымыз, Тәңірі жолдан шыққан халықты жазаландыру үшін бізді жібереді», деген [7]. Аталмыш сюжеттерден біздер һундардың жауынгер тобына жатқанын аңғарамыз. Ал сақ (үйсін, қаңлы) қауымы таза рухтар қатарына жататын іспеті, себебі ғұндар да, түркілерде заманында ашина тобын билікке отырғызған және патша әулетке жатқызған. Бұл турасында Ю.А. Зуев «В китайских записях древнетюркских генеалогических переданий представлена предшествовавшая история династиного племени ашина хот.-сак. –asseina «синий», «голубой») ставшего династийным в Первом и Втором тюркских каганатах. Ни название династинного племени, ни имена исторических основателей Тюркского каганата – Бумын и Эштеми – тюркскими не являются». Түрік қағанатының билеушілері ашина әулеті түркілерге жатпайтыны заңды, себебі бұл патша әулет өкілдері сонау темір дәуінде қалыптасты. Ю.А. Зуев соғдылар – түркілермен үнді-ирандық нәсілдің бірігуінен пайда болды деп көрсетеді [8]. Яғни аралас нәсіл. Тарихи деректер сақ бірлестігі ыдырағаннан кейін тиграхауда сақтарының территориясында соғдылардың мемлекеті пайда болғанын көрсетеді, сол тұста Соғды мемлекетімен паралелді үйсін бірлестігі өмір сүреді, дәл бір мезетте және бір мекенде. Белгілі зерттеушілер Х.В. Хауссиг, А.Н.Бернштам, Ю.А. Зуев, Д.Г. Савинов, С.П. Гушин, Рона-Таш, Р.Н. Фрай, Финдли, В.У. Махпиров т.б. сақа-үйсіндерді соғдылар деп көрсетіп және олардың ашина тобына жататындығы туралы гипотеза ұсынады [9].

Қазақтың түп тарихына қарасақ болсақ даулы бір сұрақ туындайды. Ол әуелгі қалыптасқан қауым сақтар ма, болмаса ғұндар ма деген мәселенің төңірегі болып келді. Шежіре желісі қазақтың түбі екі бастамадан тұратындығын бекітіп көрсетсе, жазба дерекке тереңірек үңілсек ол да ғұндар мен сақтың қалыптасу процесін өзінше ажыратып өрбетеді. Дәстүрлі тарихымыз сақтан ғұн тарады деп, ғұнның түбі сақ екендігін санамызға бекітіп үлгерді. Дегенмен де, қола дәуірінде қазақ даласында арийлер мен турлар мекен еткенін көрсетеді. Шежіре деректеріміз Үш ұлы Нұх нәбидің Хам, Сам, Япас,.. Япастан екі ұл туды Шін мен Тұрақ, - деп Тұрақтан түркі жұрты тарағанын басып көрсетеді [5, 70]. Ал, қазақтың тағы бір тармағы Самнан тарапты деп, арғы түбіміз араб деп қазақтың түп төркінің екі жұрттан таратады.

Көнедегі түріктің тарихын жазбаша жылнамаларға түсірген қытайдың тарихшысы Сы Ма Цянь өзінің «Тарихи жазбалар» деп аталатын көне оқиғаларды сипаттауға арналған еңбегінде: «ғұндардың аталары Шунь взу шы (Хун ну Шы Цзу) әулетінен еді. Тхан (б.д.д. 2357 жыл) мен Юй (б.д.д. 2255 жыл) патшаларының заманында бар еді. Жұрты қытайдың солтүстік аймақтарынан әрі еді. Малдарын бір жайлаудан басқа жайлауға, су мен шөптің ынғайына қарай көшеді. Қалалық, отырықшылық, егіншілік тұрмысы жоқ, әрқайсының жеке жайылымдары бар. Хат танымайды, ал заңдарын ауызекі

хабарлайды. Әменгерлік дәстүрін ұстанады» (Бичурин Н.Я. *Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена*. 39 бет) [10, 127]. Аталмыш дерек көздерінде ғұндар туралы мағлұмат III мыңжылдықтарға тән. Рашид-ад Дин ежелгі ғұндар Көк өзен мен Сары өзеннің (Хуанхэ, Янцзы) бойында мекен етті деп, ғұндардың әуелгі қоңысы осы аймақтан екендігін көрсетті [11].

Орхон-Енесей жазбаларында түркілердің «ашина», «он оқ елі» және «татқа» жіктелгені айтылады. Ашина билеуші әулет, ал «он оқ елі» оның халқы және «тат» (құл), қалың бұқара. Л.Гумилевтың ұсынған дерек көздерінен біздер «ашина әулетінің» жойылғанын білеміз. Оны, Үкі 653 ж. өз ордасын баласы Чженчуге (жиенше ме) ...қалдырып, қайтыс болады, біз оны соңғы түрік ханы деп атауға хақымыз бар деп көрсетеді [12, 216]. Батыс Түрік қағанатының ыдырауымен саяси билік Түркештерге өтті. Түркештер үйсін және қаңлы тайпалары негізінде қалыптасқан этникалық топ. Үйсіндерді белгілі орыс ғалымдары Х.В. Хауссиг, А.Н.Бернштам, Ю.А. Зуев, Д.Г. Савинов, С.П. Гушин, Рона-Таш, Р.Н. Фрай, Финдли, В.У.Махпиров, выдвигали гипотезу о сако-усунском (согдийском) происхождении Ашина: по их мнению, корни этнонима «Ашина» следует искать в сако-усуньской родовой антропонимии. Сонда түркештердің арий тобына жатқанын байқауға болады [9].

Қазақ қоғамы екі әлеуметтік топқа жіктелгендігін білеміз, яғни ақ сүйек және қара сүйекке. Шежіре және жазба деректердің желісі осыған саяды, яғни ақ сүйек – ол арий тобы, сақ қауымы болар, ал қара сүйек – ғұн жұрты болуы ықтимал деп гипотеза ұсынуға болады. Арине, ғұн билеуші тобы арий қауынан болды деп білеміз. Әбілғазы шежіресіне үнілсек, онда ежелден мұғолдар мен татарлардың бір-біріне жау болып, шапқыншылықтың салдарынан мұғолдардың бірнеше мәрте жойылып кету жағдайына тап болғандығынан хабардармыз. Ал, татарлардың билеушілері мұғол (арий) тобынан ғана тағайымдалып отырған. Бұл турасында қытай деректерінен төменде мәлімет ұсынамыз, яғни Мөде ханның кезінде үйсін Гуньмосның баласы құдай деп танылған еді. Гуньмодан он бала дүниеге келіп осыдан үйсін (иЛу-ұлы), «он оқ елі» жұрты тарайды. Осыдан бастап ашина әулетінің тарихы баяндалады және сюннуларды (ғұн) сан жағынан көптігіне қарамастан үйсіндерге соғыс жарияламауын осы мифтің төңірегінде түсіндіріледі [8, 34].

Рашид-ад Дин мұғылдар ертеде (Ұлы) далада мекен еткен барша түркі халықтарының ішіндегі бір қауымы (руы ғана) болған. Түркі руларының барлығы атақ-аброй үшін өздерін мұғол деп атайды [11]. Ал, жалпылама түркі тайпаларын өзге елдер тек татарлар деп атайтындығын баяндады.

Қытай деректері б.д.д. III мың жылдықтарда ғұндардың Қыйыр Шығыста мекендегенін көрсетті, ғұндардың Батысқа жылжуымен сақ (соғды) тайпаларының көпшілік бөлігі жойылған, қазақ даласында тек массагет тобының өкілдері үйсіндер мен қаңлылар (ғұндармен аралас нәсілдер - юэчжий) өздерінің елдігін сақтап қалды. Осылайша тарихта біздер үйсін, қаңлы, ғұндармен қатар өмір сүргендігін баяндап, олар сақтардың жұрнағы деп жалпылама сипаттаймыз, алайда сақ атауынан бұрын хун (ғұн) атауы ертерек қалыптасқанын дерек көздерінен байқап отырмыз. Ғұн және сақ тайпаларының негізгі ошақтары юэчжий одағы атауымен тарих беттерінде орнықты. Антропологиялық зерттеулердің қорытындысынан біздер үйсіндердің европоиттық нәсілге жататындығын білеміз. Ал, ғұндарға моңғолоиттық нәсіл тән болды. Егер де Шыңғыс қағанды арий тобынан, үйсін жұртынан деп білсек, дегенмен түр сипаты моңғолоиттық болуын анасынан берілді деп білеміз және шежіре деректерде қаған ақ-сары өңді болған деп сипатталады. Жалпы жаугершілік заман болуына орай қазақ даласында моңғолоиттық және еуропоиттық нәсілдің араласуын жоққа шығармаймыз.

Белгілі шығыстанушы Зуев Ю.А. тарих ғылымында жеткілікті кең көлемде кей елдердің шығу тарихы, мифологиялық ата-тегі туралы генеалогиялық тұжырым, үстемдік етуші топтың культтық бейнесін қалыптастырған, бұл көп жағдайда да тиімсіз деп білді. Бұл сатыға мұғолдардың шығу тегі туралы мифологиялық сюжетті көрсетеді. Онда, қиат әулетінің тарихы, Шыңғыс қаған, толықтай оғыз кимек-қият тарихының кезеңдері қарастырылып, оның юэчжий идеологиялық дәстүрімен сабақтасқандығын айтып өтеді. Әрине кеңестік идеологияға, жалпы әлем жұртшылығына «алтын әулет» тұжырымы жағымсыз болды, міне осы дәстүр пантүрікшілік деген атау алған еді [8]. Түркі жұрты өз шыққан тегін және көсемдерін мифтік сюжетпен сипаттап «Тәңірі жұрты», «Мәңгі Ел» идеологиясын бекітті.

«Аспан таңдаған халық». Түркілердің Тәңіріні «меншіктеп» алғандығы соншалықты, бұл дінді тек түркілердің ғана діні деп есептеді. Түркілердің ұғымынша әлемді жаратушы Тәңірі бірінші Адамды, яғни түркілердің ата-бабаларын жаратты, сондықтан да Жаратушы түркілерді өз қамқорлығына алады. «Түркі» сөзінің өзі Жаратушымен байланыста болып, тұтас халықтың құдайылық сипатын анықтайды деп жазады Л. Гумилев [13, 79]. Б.з.б. III ғасырларда үнді-иран және

түркі тайпалары юэчжий (дася, сяо) атауымен одактасады. Бұл идеологиялық дәстүр Арғын өзенінен бастау алып шығыста Үлкен Хингана бөктерлері аралығын қамтиды. Юэчжий полиэтномимі – ет жейтіндердің одағы ұғымын берді.

Жаксыбаев С. Об этногенезе народа казахского еңбегінде ғұн этномимі - Күн (хун) атауының төңірегінде қалыптасты деп тұжырымдайды [14]. Зубеев Ю.А. үнді-ирандық және түркілік мифологиялық тұжырымда Күн мен Ай ер мен әйелдің бейнесін берсе, Күн бастамасы сюннуларға, ал Ай (әйел) бастамасы үйсіндерге тән болғандығын сипаттап көрсетті. Тәңірі дінінде осыдан болар ер мен әйелді тең қойды [8, 30-40].

Юэчжий мемлекетінің құрылысы космоидеологиялық «Күн -Ай» сипатында беріліп, аналық рулық құрылыс орнығып, бұл мемлекет гинекратикалық ай юэчжий шығу тегінен болды. Ю.А.Зубеевтың тұжырымдауынша бұл рулық құрылыс юэчжий одағының құлдырауына әкелді, осылайша үйсін (асман (осман), аспан) патриархалдық отбасы құрылысы орынғады. Бұл «отбасы ағайындылары» принципіне негізделіп, ана жағынан ер адамның, яғни жиен ұлдың билікке келуін орнықтырды [8, 30-40].

Б.д.д. III мың жылдықтарда көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар юэчжий тайпасының басшылығымен біріккен мемлекет құрады, яғни ет житіндердің одағы. Бұл бірлестіктің территориясы Хуанхэ өзенінің жоғарғы ағысынан бастап Саян-Алтай таулары және Бактрияға дейінгі аралықтар [14].

Юэчжий одағының этникалық құрылымы негізінен үнді-ирандық (үйсін, қаңлы) және моңғолоиттық (сюнну) тобынан құрылған аралас нәсіл болды.

Тарихи деректерде әйгілі Мөде шанью әкесі тарапынан қастандыққа ұшырап, саяси биліктен ығыстырылғандығы сипатталады. Дегенмен Мөденің б.з.б. 227 ж. сюнну тайпаларын біріктіріп юэчжий одағын талқандағанын көреміз, осы тұста Лаулань, Үйсін, Хуцзе және тағы басқа 26 тайпа сюннуларға бағындырылады (Цыма Цзянь). Үйсін тайпасының негізгі ошағы жойылады [8, 15-16].

Әйгілі саяхатшы Чжан Цянь ашина тобының пайда болуы туралы құнды мифологиялық сарындағы оқиғаны баяндайды, бұл оқиға көрінісі қазақ фольклорындағы аңыз желісімен бір сарында сипатталып жазылған. Онда, Үлкен және Кіші юэчжийлердің арасындағы болған соғыстан Кіші юэчжийлер жеңіліс тауып, сюннулер жаққа бағыт ұстайды. Осы жолда үйсін билеушісі Хуньмо Буцзу-сихоу өзінің жаңа туған нәрестесімен қапайды, жолай нәрестеге тамақ тауып беру мақсатында баланы қалдырып азық іздеп кетеді, қайтып оралған кезде таңғажайып жағдайға тап болады, онда баланы қасқырдың қаншығы өз сүтімен қоректендіріп жатса, қарғалар тұмсығымен ет әкеліп төбесінде ұшып жүргенін көреді. Осы оқиғадан кейін үйсін билеушісінің баласы халық арасында құдай екен деген тұжырым қалыптасады. Бұл әйгілі ашина әулетінің тарихының мифологиялық баяны еді. Сюннулардың үйсіндерді бағындыруға жіберген әскері Хуньмонның құдайлық сипатынан қорқып, соғысудан бас тартады [8, 17-20].

Кіші юэчжийлер (үйсін) Үлкен юэчжийлердің құрамында болған еді. Әуелде Үлкен юэчжийді сюнну тайпасының көсемдері билесе, кейінен бұл одақтың үйсіндердің шапқыншылығынан ыдырағанын оқиға желісінен көреміз. Қытай деректерінде Хань әулеті сюннулар мен үйсіндерді бір-біріне қарсы қоюға әрекеттенген. Сюннулар сан жағынан басымдығын қарамастан үйсіндерге шапқыншылық жасамауын құдайлық сипатпен түсіндірсе, кейінде Түркі қағанаты, Шығыс және Батыс Түрік, Түркеш қағататындағы саяси басшылар ашина әулетінен болғандығы туралы мәлімет қалдырады. Ю.А. Зубеев Тюркского каганата – Бумын и Эштеми – тюркскими не являются» -деп Түрік қағанатының билеушілері ашина әулеті түркілерге (хун) жатпайтындығын қытай деректері арқылы дәлелдеп берді [15].

Түркі жұртының ішінде қасқырды және қарғаны тотем тұтқанын білеміз. Қазақ ішінде «қарға тамырлы қазақпыз» деп қарғаны да пір тұтқан. Ю.А.Зубеевтың еңбегінде үйсін атауының этимологиясына қатысты төменгідей деректерді ұсынады: бірінші- үйсін атауы «аспан» деген ұғымды береді, екінші – (иЛу) ұлы ұғымын берсе, үшіншіден – П.Даффиннің тұжырымы бойынша у-син иероглифтік этимологиясы «қарға ұрпағы» мағынасын береді. Қарға мифологиялық бейнесі маңызды рол атқарады [8, 30]. Ежелгі үнділерде Аруна (қызыл) қарға Гаруд бүркіттің үлкен ағасы болады. Құдайдың бойынан (күрсағынан) ертерек шығып, жарықты (күн) ертерек көруге әрекеттенуі оның жетілмеген жағдайда дүниеге келуіне себеп болды.

Үйсіндердің шығу тегі үнді-ирандық болуына орай үнді халқына тән мифтік сюжет біздің тарихқа да ортақ деп білеміз. Күні бүгінге дейін қазақ ішінде бүркітті, қарғаны пір тұтатын кездер бар. Ал, Алтын Орда (татарлар) мемлекетінің туында екі басты бүркіттің бейнеленуі осы құстың әуелгі тотемдік бейнесімен байланысты болар. Қарға мен бүркіттің бір жатырда жаратылуы, қарғаның мерзімінен бұрын жарыққа шығуы, оның жетілмей бүгінгі қарға бейнесінде келуіне негіз

болды деп көрсетілген. Мифтік сюжетте қарға Күннің қорғаушысы, яғни ер адамның бастамасын бейнеледі.

Ежелгі Қытайда Қызыл қарға Күнге (алтынға) теңестірілді. Полезиаттық халықтарда (Амур, Солтүсті Америка үндістерінде, чукча, якут т.б. халықтарда және қырым татарлары) қарғаны жарықпен, отпен байланыстырған. Ал, оғыз пашалары, ханзадaları өздерін «алтын Дули құстың» (алтын/қызыл қараға) ашина ұрпағынанбыз деп санаған. Үйсін мифологиясында Күн құдай Хуньмоның әкесі Наньдоуми юэчжилердің қолынан қаза тапты-мыс. Заманында Хуньмоны көрші елдер құдай деп таныған еді [8, 23-27].

Жоғарыда қытай деректерінде саяси билік жиендер арасында алмастырылды деп көрсетілді. Түрік қағанаты тарихына үңілесек, онда ашина әулеті жойылғаннан кейін, Түркеш қағанатында ашина қыздан туған Чженчу (жиенше, Л. Гумилев) саяси билікке келеді деп айтылады. Аналық рулық жүйенің ықпалының сақталуын симиттік (арийлік) шығу тегімен байланыстыруға болады. Қазақ-қырғызда «Бір жиеннің келгенше – жеті қасқыр келсін» деген төңіректе мақал бар, мәнісі заманында дәстүр бойынша мұраның иесі жиен болды. Қытай деректерінде үйсін, сунну тайпаларында кепілдікке баланы қалдырғанда туған ұлынан гөрі жиенді қалдыруды талап еткен. Тақ мұрагері жиен болған. Осыдан болар қазақ ішінде күні бүгінге дейін «жиеннің қырық серкесі», - деп жиенге әр кез нағашы жұрт қарыздармыз деп түсінді. Болмаса, дәстүр бойынша жиені нағашы жұртына «барымта» жасаса, дәстүрге сиып жаза қолданылмады. «Жиенге қол көтерсе, қолы қалтырайды» деген төңіректе өрбіген мәтелден де жиенге деген құрметтің жоғары болғанын көреміз.

Ю.А. Зуев үйсін, оғыз, мұғол тарихы юэчжий идеологиялық дәстүрімен сабақтасқандығын жүйелі баяндап, қазақ тарихының қиысынды өрбуіне айтарлықтай атсалысты. Юэчжий одағының этникалық құрамынан әуелде үйсін, қаңлы, сунну (ғұн), кейінде оғыз, қимақ-қыпшақ атауларымен мәлім болса, осы тайпалық бірлестіктердің негізінде патша әулет мұғолдар (үйсін, қаңлы) мен қалың бұқара татарлар (ғұн, сак) тарих сахынасына шығады.

Рашид-ад Дин мұғол-татардан көп ұлт тарады деп, сол қатарда Ұлы мұғолдар, Наман, Керей, Меркіт, Қоңырат, Татар, Енисей қырғыздары, Ойрат, Түмен, Қиыр Шығыста – Машын (маньчжур), Шын (чжурчжэн), Жин (Цинь), Қидан (Ляо) елдерін атап өтсе, Ю.А.Зуев бүгінгі Қытай мемлекетінің тарихына өзге мемлекеттің ықпалы көп болғанын көрсетеді. Онда Чжоу (б.з.б XI ғ.-б.з.б. 256 ж.), Хань (Ерте Чжао, 304-328 жж.) суннулар негізінде қалыптасты, Кейінгі Чжао (319-325 жж.) цянцзюй (Ортаазиялық Кангу), Батыс Цинь (388-431 жж.) мемлекеттік династиясы сяньбилер (прототүріктік және протомұғолдық), Ерте Янь (333-370 жж.) және Батыс Янь (384-370 жж.) және Оңтүстік Янь (398-410 жж.) мемлекеті мужун (маньчжур) тайпалары негізінде құрылды. Оңтүстік Лян мемлекеті (397-414 жж.) сяньбилік туғалар негізін қалаған. Ся мемлекетін (407-431 жж.) – сунну, Дай мемлекетін (Солтүстік Вэй, 386-530 жж.) сяньбилік-тоба әулеті, Солтүстік Ци (550-577 жж.) бохай (Приморья тайпасы), Кейінгі Тан (923-956 жж.) мемлекеттік династиясы түрік-шато (Батыс чигили тайпасы), Ляо мемлекеті (907-1125 жж.) қидандық (қытай руы), Цзинь (1115-1234 жж.) чжурджен, Юань династиясы (1260-1404 жж.) мұғолдық, ал Цин (1644-1911 жж.) маньчжур (мұғолдар) болды [8, 8]. Бүгінде әлемге Ұлы Қытай деп танылған ханьзу елінің құрамында тәуелді жағдайда негізінен түркі-мұғол жұрты орнығып қалғанын аңғарамыз. Шыңғыс қағанның құрған Ұлық Ұлысы негізінен Еуразия даласының ұлан ғайыр бөлігін қамтыса, бүгінде бұл аймақта мұғол-татар жұрты орныққан, әйтсе де бірі Ресей Федерациясының, бірі ҚХР құрамында тәуелділікте қалып отыр.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Құран. Халифа Алтай ауд. 1991 ж. 640 бет.
2. Әбілғазы баһадүр хан. Түрік шежіресі. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 208 бет.
3. Құдайберді ұлы Ш.К. Түрік, қарғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. 2-ші бас. толық.–Астана: «Ол-Жас Баспасы», 2004, 80 бет.
4. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 бет.
5. Бабалар сөзі: Жұзтомдық. - «Фолиант», 2009. Т 32: Тарихи жырлар -400 бет.
6. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том/ Аударған А.Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. 592 бет.
7. <https://kk.wikipedia.org/wiki/> Уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет. Еділ қаған немесе Аттила.
8. Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. Алматы «Дайк-Пресс» - 2002, 350 стр.
9. Ашина – знатный род правителей тюркских каганатов. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
10. Алпысбес М.А. Шежире казахов: источники и традиции. (Учебник для вузовских и послевузовских спецкурсов). – Астана, ИП «BG-Print», 2013. – 240 с.

11. Рашид ад-дин Фазлуллах Хамадани. Жамиғ ат-тауарих (Тарихтар жинағы, XIV ғ.) – Оразбай Зәріпбай аудармасы, коп томдық. 3-том. Халықаралық Түркі академиясы – 2018, 600 бет.
12. Гумилев Л.Н. Көне түріктер: көпшілік оқырман қауымға арналған. Алматы. «Білім», 1994-480 бет.
13. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2010. – Т. 9 – 472 бет.
14. Жаксыбаев С. Об этногенезе народа казахского (About Ethnogenesis of the Kazakh People). – Павлодар: ЭКО, 2011. – 372 с.
15. Алпысбес М. Түркі тегі туралы генеалогиялық аңыз-әпсаналардың Ю.А. Зуев еңбектерінде салыстырмалы зерттелуізуев оқулары ҰҒА Хабаршысы 2013. 3-8 бет.

## **РЕАБИЛИТАЦИЯ ДЕПОРТИРОВАННЫХ НАРОДОВ КАК ОДНО ИЗ НАПРАВЛЕНИЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ КОМИССИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ПОЛНОЙ РЕАБИЛИТАЦИИ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ**

**Шотбакова Л.К.**, к.и.н, доцент

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова  
г. Караганда, Казахстан

24 ноября 2020 года за № 456 был издан Указ Президента Республики Казахстан К.-Ж.К. Токаева «О Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий», которым было инициировано создание Государственной комиссии. Во второй главе Указа главная задача была определена следующим образом: «Основной задачей Государственной комиссии является юридическая и политическая реабилитация жертв политических репрессий [1].

В комиссию вошли видные государственные, политические, общественные деятели, ученые. Для реализации практических действий по полной реабилитации жертв политических репрессий в январе 2021 года были созданы 11 рабочих групп:

В задачу 4-й рабочей группы, членом которой я являюсь, входит реабилитация нереабилитированных жертв насильственно депортированных в Казахстан народов и спецпоселенцев.

Как известно, политические репрессии, начавшиеся в 1937 году, охватили всю страну от запада до востока. Начало этому было положено в 1936 году, на декабрьском пленуме ЦК ВКП (б) и февральско-мартовском пленуме 1937 года принятием решения о необходимости «искоренения и уничтожения двурушников», всех врагов народа. Идеологическая пропаганда довела психологическое состояние населения до крайности: на многочисленных митингах простые трудящиеся и крестьяне повсеместно требовали смертной казни Бухарину, Рыкову и другим партийным функционерам. В этой обстановке было решено разом покончить с оппозицией не только центре, но и в национальных республиках. Одним из направлений этой политики стала насильственная депортация целых народов из различных регионов страны на восток, в республики Средней Азии и Казахстан. Частично депортированные были размещены в Российской Федерации.

Всего в СССР по подсчетам специалистов в годы массовых репрессий было депортировано более 3 млн. чел. Казахстан стал территорией спецпоселений.

Огромный массив документов по данной теме хранится в архивных учреждениях государственного, ведомственного значения. Многие документы касающиеся данной темы, до сих пор хранятся под грифом «секретно» или «совершенно секретно».

Вместе с тем, за последние годы вышло достаточное количество документальных сборников, в которых опубликованы материалы по теме депортации народов. Особо хотелось бы отметить трехтомное издание Архива Президента Республики Казахстан «Из истории депортаций» [2], в котором приведены обширные архивные материалы, хранящиеся в фондах как самого АП РК, так и архивных учреждений Российской Федерации. Значительный массив документов составляют документы, касающиеся депортации народов на территорию Казахстана, их хозяйственное и жилищное устройство и т.д.

Значительную работу осуществляют и областные архивы, в частности, Государственный архив Карагандинской области. Так, серьезным подспорьем для нашей работы является то, что в открытое пользование переведены систематизированные и обработанные материалы Фонда 207 - «Фонд прокуратуры», где собраны основные документы по реабилитации депортированных граждан с 1993 года по начало 2000-х годов. Как известно, 1 июля 1993 года вступил в силу Закон Республики